

Казакта «үйлену онай, үй болу кийн» деген жаксы сөз бар. Алла тагаланын осы дүниедегі ныгметтерінің ен кайырлысы – жаксы жар тауып, үйленіп, ұрпак сүю. Ал казір некелесудің түрі көбейіп бара жаткандай. Мұсылманша неке, аралас неке, азаматтық неке, бір жыныстылар арасындағы неке тағы сол сиякты. Жастар арасындағы осындай неке түрлеріне токталып көрейік.

НЕКЕЛЕСУ – СҮННЕТ

Жалпы, неке созінің негізі – «никах» деген араб созі. Үйлену – шаригат принциптері бойынша болмыска сай, айкын мәселелердің бірі. Ислам негізінде үйленудің мұсылман қоғамы үшін де, жалпы ұммет үшін де пайдасы бар. Оның озіндік парызы мен шарттары да жоқ емес. Парызы- екеу, біріншісі – үйленуге ұсыныс-, екіншісі – ұсынысты кабыл алу. Ал, шарттарына келер болсак, некелесуге рұқсат етілген жандар болуы кажет (рұқсат етілмейтін туыс, біреудің әйелі, апалы-сінлілі екі кызды бірдей алу), үйленетін жандар омірлік некені максат етуі тиіс, кийлган неке дұрыс болуы үшін куәгер болуы және екі жактын разылығы басты шарт. Аталган шарттардың бірі кем болган жагдайда Әбу Ханифа мәзнабы бойынша неке дұрыс болып саналмайды.

Алла тагаланын сонгы әрі ен сүйікті елшісі Мұхаммед Пайгамбар (с.г.с.) озінің ұлагатка толы хадистерінде де үйленудің, жұбайлык омірдің озінің сүннетінен екендігін баса айтады. Үйленуді, шаригат жолымен некелесуді мойындамаган жанды- оз ұмметінен деп есептемейтіндігін ескертеді. Айшадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланын елшісі (с.г.с.) «Неке – менің сүннетім. Кімде-кім менің сүннетіме амал етпесе, ол менен емес. Сондықтан да үйленіңдер, мен Киямет күні баска ұмметтерге сендердің коптіктерінмен мактанайын-», - деген.

АЗАМАТТЫҚ НЕКЕДЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОК

Сонгы жылдары когамда кызу пікірталаска түсіп жүрген мәселелердің бірі – азаматтық неке. Бұл жақсы ма, әлде жаман-ба? Мұндай некені қолдаушылар некелесудің заманауи түрі десе, ал бұған қарсы тарап ұлт пен текті жоятын, жетім мен жесірлердің санын көбейтетін неке деп атайды. Қос тараптың да айтар уәжі аз емес сияқты. Бұл некенің өзгешелігі мемлекеттік органның тіркеуінен де отпейді, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңында ол туралы ешқандай түсініктеме берілмеген. Сол себепті заң оқылдары мұны әзірге «бейресми некелесу» деп қабылдап отыр. Заңмен реттелмегендіктен, басқосулары да, ажырасулары да ын-шынсыз шешіледі. Бүгінде азаматтық неке қазақ қоғамын жатсынбай сінісіп, әсіресе, жастар арасында ерекше қолдауға ие болғаны жасырын емес. Олай дейтініміз, азаматтық некеде бас қосқандардың басым бөлігі – осы жастар. Олар отбасын құру мәселесіне жеңіл-желпі қарайды. Керісінше, «некемізді заңдастырмай тұрып, бір-бірімізді танып-білуге мүмкіндік жоқ» деп тұжырымдайды.

Батыстан келген бұл некеде өмір сүріп жүргендерді тіркеп, ресми санап отырған ешкім жоқ. Мұндай үрдістің қен етек жаюы қоғамның рухани азып-тозуына әкеліп соқпай ма? Осы орайда айта кететін жайт, азаматтық некемен өмір сүрген жастардың 80 пайызы кейін бір-бірімен жараспай, айырылысады екен. Тек бестен бірінің ғана дәм-тұзы жарасып, ерлі-зайып-ты атанады. Демек, «азаматтық некенің» азабын тартып жүргендер аз емес қорғиді. Солардың бірін тауып, тілдесіп қорғиді.

Гүлзира, 25 жаста (есімін өзгертіп берудің өтінді):

- Мен бір адаммен үш ай азаматтық некеде тұрдым. Әрине, аз ғана уақыт ішінде бір-бірімізді толық танып, түсінісіп кеттік деп айта алмаймын. Қызғаныш, болмашы нәрсеге бола жанжалдасу, әрбір ісімізге сенімсіздіктің ақыры бізді екі жаққа айырып тынды. Заңды түрде некелеспеген сон, әр нәрсеге жеңіл-желпі қарадық. Кейін арамыз-суып кеткен сон, бәрі кеш болды. Неке заңды болса, мойнына жауапкершілік артылады-. Қазір бір ұлым бар. Тегі әкесінің атында. Баласына 18 жасқа дейін алимент төлейді. Өткенді қайтып оралта аласың ба? Өкініш өзегімді өртейді. Қайдан білейін, басқалар үшін бұл неке дұрыс та шығар. Бірақ, менің ойымша азаматтық неке азақ-салатын неке дер едім. Өзімнен кейінгілерге айтарым, азаматтық некеге әуестенбегенің жөн.

«БРАТ-ОПЕКУНДАР» КӨБЕЙДІ

Бүгінде жастар арасындағы ажырасу санынын көбеюі өзекті мәселеге айналды. - Елбасымыз өзінің Жолдауында: «Мен ажырасуға қарсымын. Жастарды отбасы құндылығы, ажырасудың қасірет екендігі рухында тәрбиелеу керек, өйткені оның салдарынан, ең алдымен, балалар зардап шегеді. Бала тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті» деген болатын. Ислам діні ерлі-зайыптылардың бір-бірімен ажырасуына рұқсат бергенімен, оны құптамайды. Бұл ерлі-зайыптылардың соңғы шешуші қадамы болуы тиіс. Одан бұрын, ерлі-зайыптылар арасында пайда болған мәселені анықтап, оны оңды шешуге тырысу ләзім. Діни кітаптарда: «Әбу Дәуідтің хадис жинағында келтірілген бір хадисте ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Рұқсат берілгендердің ішіндегі Аллага ең ұнамсызы ол – талақ» делінеді.

Ал, бүгінде дәстүрлі емес бағытты ұстанушылардың арасында ажырасу әрекетіне-барғандар жиі кездеседі. Әсіресе, теріс бағытты ұстанушы апа-сінлілеріміз ешқан-дай туыстық қатынасы жоқ бейтаныс «брат-опекундар» арқылы некелесіп, қайта ажырасып, қайта тұрмыс құруда. Осыған қатысты бір оқиға, сол жат ағымның етегінде жүрген қыз әке-шешесінен қашып, рұқсатсыз өздерінің топ ішінде «уәкіл», яғни «брат-опекун» деп атайтын бейтаныс адам арқылы бірнеше рет тұрмыс құрған. Теріс бағытты ұстанушылардың мұндай орескел әрекетке баруы ұлттық санамызға тән қазақи құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді жоққа шығарғандығынан, дінді жете түсінбегендігінен, сондай-ақ, отбасындағы моральдық ахуал және адамгершілікті нығайтуға, отбасының берік болуына көңіл болу секілді отбасылық құндылықтарды бағаламағандығынан туындап отыр.

Сөз соңында айтарымыз әрине, біреу-дің бақытына, арына қол сұғудан аулақпыз. Тек, басқа ұлттан ауган әрбір ұлттың астына басымызды тосамыз деп жүргенде-бармағымызды тістеп қалмайық.

Балнұр □ САПАРОВА